**Астана қаласында Орталық Азия Экономикалық Қауымдастығы Премьер-Министрлерінің Кеңесі мәжілісін өткізуге байланысты ұйымдастыру іс-шаралары туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 30 мамыр N 817

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Орталық Азия Экономикалық Қауымдастығы (бұдан әрі - Қауымдастық) Премьер-Министрлері кеңесінің мәжілісі 2000 жылғы 8 маусымда Астана қаласында өткізілсін.

Қоса беріліп отырған:

Қауымдастықтың кезекті мәжілісінің негізгі іс-шараларының бағдарламасы;

Премьер-Министрлер Кеңесінің жұмысына қатысу үшін Қазақстан Республикасы ресми делегациясының құрамы бекітілсін.

2. Министрліктер, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) мәжіліс шеңберінде кездесу үшін көзделген ауқымда іс-шаралар өткізуді қамтамасыз етсін, ресми делегациялардың мүшелерін, сарапшыларды және бірге жүретін адамдарды орналастыру мен оларға қызмет көрсету, баспа өнімдерін дайындау мен кәдесыйларды сатып алу жөнінде қажетті шараларды қолдансын.

3. Министрліктер мен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі:

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігін жауапты етіп белгілей отырып, кездесу шеңберіндегі іс-шараларға құжаттық, ақпараттық және техникалық қызмет көрсетілуін қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасымен (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен, Республикалық Ұланмен ( келісім бойынша) бірлесіп, Қауымдастыққа мүше мемлекеттердің ресми делегацияларын әуежайда күтіп алу мен шығарып салу және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің атынан Қауымдастыққа қатысушы мемлекеттердің үкіметтері басшыларының құрметіне ресми қабылдау өткізуді ұйымдастырсын.

4. Қауымдастыққа мүше мемлекеттердің делегацияларына қызмет көрсету деңгейін арттыру мақсатында оларға 1-қосымшаға сәйкес министрліктер бекітілсін.

5. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Үкіметтер басшыларының арнайы ұшақтарының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен кедергісіз ұшуын қамтамасыз етсін. Көлік және коммуникациялар министрлігі арнайы ұшақтарға техникалық қызмет көрсетуді, тұрақ беруді және жанармай құюды

ұ й ы м д а с т ы р с ы н .

6. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Үкіметтер басшыларының қауіпсіздігін, әуежайда, делегацияның жол жүру бағыттары бойынша және болатын орындарында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етсін.

7. Астана қаласының әкімі заңнамада белгіленген тәртіппен жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен ресми делегацияларды күтіп алу мен шығарып салу, жол жүру бағыттарын, бас қала - Астана қаласының әуежайы мен көшелерін безендіру жөніндегі барлық ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім

министрлігі ресми мәжіліс шеңберіндегі іс-шаралардың кеңінен жария етілуін қамтамасыз етсін.

9. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі кездесу шеңберіндегі іс-шараларды өткізуге 2000 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 2-қосымшаға сәйкес қаражат бөлсін.

10. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 30 мамырдағы
N 817 қаулысымен
бекітілген

Орталық Азия Экономикалық Қауымдастығының
Премьер-Министрлері Кеңесінің кезекті мәжілісінің негізгі
іс-шараларының
Бағдарламасы

| Рет! N | Іс-шараның атауы | !Орындалу ! мерзімі | Орындалуына жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | ОАЭҚ одағына қатысушы мемлекет.<br>термен мәжілістің мерзімдері<br>мен бағдарламасын келісу | 30 мамырға<br>дейін | СІМ, Қазақстан Республи.<br>касының Премьер-Министрі<br>Кеңсесінің Сыртқы байла.<br>ныстар бөлімі, ОАЭҚ Мем.<br>кеңесінің Атқарушы комитеті |
| 2 | Негізгі делегацияның, бірге<br>жүретін адамдардың және<br>сарапшылардың құрамы жөнінде<br>ұсыныстар әзірлеу | 30 мамырға<br>дейін | -//- |
| 3 | ОАЭҚ-на қатысушы мемлекет.<br>тердің тиісті органдарымен<br>Қазақстанның аумағында арнайы<br>ұшақтардың ұшып өтуі,<br>олардың тұрақтары, қызмет<br>көрсету және жанармай<br>құю мәселелерін келісу | 30 мамырға<br>дейін,<br>мәжіліс<br>кезінде | Көліккоммині,<br>Қорғанысмині, СІМ |
| 4 | Астана қаласының<br>әуежайын, көшелерін<br>делегациялардың жол<br>жүру бағыттары бойынша<br>безендіру | 30 мамырға<br>дейін | Астана қаласының әкімі,<br>Қазақстан Республикасы<br>Президентінің Іс<br>Басқармасы<br>(келісім бойынша) |
| 5 | Мәжілісті хаттамалық<br>қамтамасыз ету | мәжіліс<br>кезінде | СІМ, Қазақстан<br>Республикасының<br>Премьер-Министрінің<br>Хаттама қызметі |
| 6 | Әуежайда, жол жүру<br>бағыттары бойынша делега.<br>циялардың қауіпсіздігін<br>қамтамасыз ету | мәжіліс<br>кезінде | Қазақстан Республикасы<br>Президентінің Күзет<br>қызметі (келісім бойынша),<br>ІІМ, ҰҚК (келісім бойынша) |
| 7 | ОАЭҚ-на қатысушы мемлекеттер<br>делегацияларының болуын<br>қаржыландыруды қамтамасыз<br>ету | 30 мамырға<br>дейін | Қаржымині, Астана<br>қаласының әкімі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | Делегацияларды қабылдау. дың жағдайлары мен шаруа. шылық қызмет көрсету мәсе. лелерін айқындау (орналастыру, тамақтандыру, көліктік қызмет көрсету, әуежайда шәй ұйымдастыру), ескерткіш кәдесыйлар дайындау | мәжіліс | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), СІМ |
| 9 | Делегациялар мүшелеріне медициналық қызмет көрсету | мәжіліс уақытында | Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқарма. сының медициналық орталығы (келісім бойынша) |
| 10 | ОАЭҚ Үкіметтері басшы. ларының құрметіне Қазақстан Республикасы Премьер-Министр. інің атынан ресми қабылдауды ұйымдастыру | мәжіліс уақытында | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) |
| 11 | Қырғыз Республикасының, Тәжікстан Республикасы. ның және Өзбекстан Республикасының басшылы. ғымен келіссөздерге тезистер:<br>басшылық туралы өмірбаяндық деректер;<br>Қазақстан Республикасы мен ОАЭҚ-на қатысушы мемлекеттер ынтымақтастығының жай-күйі мен перспективалары туралы анықтамалық материалдар;<br>келіссөздерде қойылатын мәселелер;<br>Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің мәжілісте, ресми қабылдауда | 30 мамырға дейін | СІМ (шақыру), мәжіліс. тің күн тәртібіне сәйкес министрліктер мен ведомстволар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | сөйлейтін сөздерінің жобалары | | |
| 12 | Күн тәртібіне сәйкес құжаттарды келісуді аяқтау және қол қоюға әзірлеу | 30 мамырға дейін | ОАЭҚ Мемкеңесінің Атқарушы комитеті (келісім бойынша), СІМ, министрліктер мен ведомстволар |
| 13 | Телехабарларды және баспасөзге арналған материалдарды әзірлеу, мәжіліс пен оның қорытындыларын БАҚ-та жария ету | маусым | Қазақстан Республикасы. ның Премьер-Министрі Кеңсесінің Баспасөз қызметі, МАКМ, СІМ |
| 14 | Делегацияларға министрліктер мен ведомстволарды бекіту жөнінде ұсыныстар енгізу | 30 мамырға дейін | СІМ |

---

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 30 мамырдағы
N 817 қаулысымен бекітілген

Орталық Азия Экономикалық Қауымдастығына қатысушы мемлекеттер Премьер-Министрлерінің Кеңесі мәжілісіне қатысатын Қазақстан Республикасы ресми делегациясының
Құрамы

Ресми делегация

Тоқаев Қасымжомарт Кемелұлы - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Саудабаев Қанат Бекмырзаұлы - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің

Басшысы

Школьник - Қазақстан Республикасының
Владимир Сергеевич Энергетика, индустрия және
сауда министрі

Бүркітбаев - Қазақстан Республикасының
Серік Мінуарұлы Көлік және коммуникациялар
министрі

Құлекеев - Қазақстан Республикасының
Жақсыбек Әбдірахметұлы Экономика министрі

Мыңбаев - Қазақстан Республикасының
Сауат Мұхамбетбайұлы Ауыл шаруашылығы министрі

Смирнов - Қазақстан Республикасының
Анатолий Владимирович Сыртқы істер вице-министрі

Бірге жүретін адамдар

Черепанов - Қазақстан Республикасының
Александр Михайлович Премьер-Министрі
Хатшылығының меңгерушісі

Қанапиянов - Қазақстан Республикасы
Сержан Мұсаханұлы Премьер-Министрінің Кеңсесі
Сыртқы байланыстар бөлімінің
меңгерушісі

Нығматуллин - Астана қаласы әкімінің орынбасары
Нұрлан Зайроллаұлы

Қожақов - Қазақстан Республикасының
Асан Егінбайұлы Сыртқы істер министрлігі ТМД
істері жөніндегі комитетінің төрағасы

Рамазанов - Қазақстан Республикасының
Аманбек Мырзахметұлы Табиғи ресурстар және қоршаған

ортаны қорғау министрлігі
Су ресурстары жөніндегі
комитетінің төрағасы

Кузовников - Қазақстан Республикасының
Сергей Владимирович Премьер-Министрі
Баспасөз қызметінің жетекшісі

Асанов - Қазақстан Республикасының
Жандос Әнуарұлы Премьер-Министрі Хатшылығы
меңгерушісінің орынбасары -
Хаттама қызметінің жетекшісі

Батырашев - Қазақстан Республикасы
Дәулет Қасекенұлы Премьер-Министрінің көмекшісі

Жұмалы - Қазақстан Республикасы
Расул Берекетұлы Премьер-Министрінің
баспасөз хатшысы

Әділбаев - Қазақстан Республикасының
Жалғас Жұмайұлы Сыртқы істер министрлігі
Мемлекеттік хаттама
басқармасының бастығы

Черепанов - Қазақстан Республикасының
Александр Николаевич Сыртқы істер министрлігі ТМД
істер жөніндегі комитетінің
басқарма бастығы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 30 мамырдағы
N 817 қаулысына
1-қосымша

Орталық Азия Экономикалық Қауымдастығына қатысушы мемлекеттердің делегацияларына бекітілген Қазақстан Республикасы

министрліктерінің
Тізімі

---

Қырғыз Республикасы ! - Қазақстан Республикасының
Энергетика, индустрия және
сауда министрлігі (В.С.Школьник)

Тәжікстан Республикасы - Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі
(С.М.Мыңбаев)

Өзбекстан Республикасы - Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар
министрлігі (С.М.Бүркітбаев)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 30 мамырдағы
N 817 қаулысына
2-қосымша

Орталық Азия Экономикалық Қауымдастығы Премьер-
Министрлерінің Кеңесі мәжілісін өткізуге арналған шығыстар
Сметасы

2000 жылғы 8 маусым, Астана-ОАЭҚ Премьер-Министрлерінің Кеңесі
(1+5 формуласы)

| Қызметтердің атаулары | Сомасы (теңге) |
|---|---|
| 1. Премьер-Министрлерді орналастыру ("Интерконтиненталь") | |
| 3 нөмір х 1 тәулік х 390 $ тәулігіне = | 168480 |
| Ресми делегация мүшелерін орналастыру ("Интерконтиненталь") | |

20 нөмір есебінен бір орындық нөмірлер тәулігіне 190$ 410400
15 нөмір х 1 тәулікке х 190$

2. Буфеттік қызмет көрсету
48 адамға х 1040 теңге 49920

3. Көліктік қызмет көрсету шығыстары
- 3 Мерседес (седан) сағатына 700 теңге

7 жеңіл автокөлік х 700 теңге х тәулігіне 10 сағат 70000

4. ҚР Премьер-Министрінің атынан 35 адамды қабылдау.

1 адамға 6500 теңге есебінен 35 227500
адам х 6500 теңге

5. Жалаулар, бейджшер, автокөліктерге рұқсаттамалар 10000

6. Кәдесыйлар және сыйлықтар
4 данасы х 5000 теңгеден + 24 дана х 1000 теңгеден 44000
Жиыны: 980300

1 АҚШ долларының бағамы = 144 теңге

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Бағарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК